

Шетелдік ғалымдар Жәңгір хан университетінде болды

Сәуір айында жылдағы дәстүрге сай «Ғылым айлығы» өткізілді. Жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, ғалым-ұстаздар мен білім алушылар ғылымның көкжиегін кеңейтуге өз үлестерін қосты.



Соның бірі – «Ғылым, зерттеулер, білім: даму тенденциялары» атты XXV халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Жиынға университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов, профессор-оқытушылар құрамы, Ресей, Қытай, Татарстан, Египет, Өзбекстан елдерінен келген шетелдік ғалымдар мен республика бойынша түрлі шаруашылық салаларының кәсіби мамандары қатысты.

Пленарлық жиында сөз алған университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы шетелдік ғалымдарға ризашылығын білдіріп, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Ғалымдар өз кезегінде қой шаруашылығының қазіргі жағдайы мен дамуы, қазақ жылқыларының генетикалық ресурстарын сақтау және әртүрлілігін зерттеу, құрылыс саласындағы мүмкіндіктер мен тиімділіктер, өнеркәсіптік нысандарды ұйымдастырушылық-технологиялық даярлау үшін цифрлық модельдерді дамыту, суарудың сазды топырақта

өсірілетін тропикалық жемістердің өнімділігіне әсері туралы ақпарат алма-сып, тәжірибелерімен бөлісті.

Жәңгір хан университетінің негізгі бағыты аграрлық сала болғандықтан, ғылыми зерттеулер тақырыбы ауыл шаруашылығы жануарларының генетикасына, олардың әртүрлі аурулары мен емдеу іс-шараларына зерттеулер жүргізуге, жаңа тұқымдарды көбейтудің тәсілдерін ойлап тауып, іс жүзінде тәжірибеге енгізуге негізделген. «Біздің ғылыми қызметкерлеріміздің қатары жыл сайын шетелдік жетекші университеттер мен зертханаларда, ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтіп келген ғалымдармен толығуда» дейді университеттің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшідін.

Түстен кейінгі секциялық отырыстар «Ауыл шаруашылығы ғылымдары», «Ветеринария және мал шаруашылығы», «Техникалық ғылымдар», «Экономикалық ғылымдар», «Гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша жалғасты.

Ғұнымгүл МҰХАТАЙ, Тарим университетінің профессоры (Қытай):

– Батыс Қазақстан мен Қытай ғалымдары ауыл шаруашылығы саласы бойынша өзара ғылыми байланыста. Өзім Жәңгір хан университетінің ғалымдарымен өнімді жылқы шаруашылығы, жергілікті тұқымдарды селекциялау, генетикасын анықтау, сүтті бағыттағы жылқыларды дамыту бойынша бірлесе жұмыстанудамын. Біздің де бірнеше жылдық селекциялық тәжірибелеріміз бар, сүтті бағыттағы жылқыларды көбейту мақсатында генетикалық әдістемелерді селекцияға қостық. Жәңгір хан университеті де осы бағытта үлкен ғылыми жо-бамен жұмыстануда. Осы орайда қос та-рап өз тәжірибемізді ортаға салып, екі елдің жылқы шаруашылығын дамытуға үлес қосудамыз. Жалпы Қазақстанда мал шаруашылығы саласындағы ғылыми жұмыстар жақсы жүргізілуде. Осы бағытта таңдауымыз ғылыми әлеуеті жоғары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне түсті.



Юсупжан ЮЛДАШПАЕВ, К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университетінің профессоры:

– Мұндай халықаралық дәрежедегі конференциялар елдің ғылымға деген оң көзқарасын білдіреді. Биыл Орал қаласында өткізіліп жатқан халықаралық ғылыми-практикалық конференция мерейтойлық датада, яғни 25-ші жыл қатарынан өтіп жатыр. Біз Жәңгір хан университетімен көп жылдан бері әріптестік байланыстамыз. Осы оқу орнының көптеген ғалымдары Тимирязев университетінде кандидаттық диссертацияларын қорғады, магистратурада оқыды, ғылыми тағылымдамадан өтті. Кадрлар даярлау саласындағы жүйелі жұмыстарымыз алдағы уақытта да жалғасары сөзсіз. Сондай-ақ біз жануарлар генетикасы, молекулалық-генетикалық зерттеулер және қазіргі заман талабына сәйкес келетін жануарлардың жаңа түрлері мен тұқымдарын жасау саласындағы озық технологиялар бойынша ынтымақтаса жұмыстанудамыз. Негізінен Қазақстанда ғылым жақсы даму үстінде, мемлекет тарапынан ғылымға барынша көңіл бөлінуде.



Ғалымдар марапатталды

Жәңгір хан университетінде 12 сәуір – ғылым қызметкерлері күні қарсаңында өткен кезекті Ғылыми кеңесте бірқатар ғалым-ұстаздар мен ғылыми қызметкерлердің еңбегі еленді.

Басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы жиынға қатысушыларды атаулы мерекемен құттықтап, ғылым жолындағы еңбектеріне табыс тіледі. Бұдан соң университетімізге халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға келген К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университетінің профессоры Юсупжан Юлдашпаевқа «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Құрметті профессоры» атағы берілетінін хабарлап, ресейлік ғалымға арнайы куәлік пен профессорлық мантияны табыстады.

Сонымен қатар Экономика,

ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының доцент м.а., PhD докторы Салтанат Есенғалиева мен «Цифрлық даму орталығының директоры» Гаухар Камалова ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал Индустриалды-технологиялық институты директорының ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі орынбасары Еркебұлан Мәжитов, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер – Вадим Ульянов, Татьяна Ульянова, Айнұр Харжау, Жаңылсын Махимова басқарма төрағасы-ректор А.М.Наметовтың Құрмет грамотасын иеленді.



Слово об ученом-наставнике, профессоре

Научное сообщество РК 12 апреля отмечает день нучных работников. И здесь, я хотела рассказать об известном ученом селекционере, педагоге высшей школы, докторе сельскохозяйственных наук, профессоре, академике Казахской академии сельскохозяйственных наук Балуаше Траисове.

Профессор Балуаш Бакишевич – человек, чья жизненная и научная дорога является настоящим примером самоотверженности, профессионализма и стремления к знаниям. Родился 25 декабря 1950 года в поселке Каменное Первомайского района Оренбургской области. Свой трудовой путь начал в 1968 году простым рабочим на хлебоприемном пункте, затем прошел службу в рядах Советской Армии в Германии. После службы в армии поступил в Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт, где после окончания учебы посвятил себя и связал свою жизнь с научно-педагогической работой.

Получив квалификацию зооинженера в 1977 году, Б.Траисов шаг за шагом поднимался по карьерной лестнице. Сорок восемь лет, это почти пол века Б.Траисов работает в вузе. В 1985 году в городе Ставрополь защитил кандидатскую, затем в 1994 году в городе Новосибирск докторскую диссертацию. По результатам научной и педагогической работы Высшим аттестационным комитетом СССР и Казахстана ему присвоено ученое звание доцента и профессора, избран академиком Казахской академии сельскохозяйственных наук.



Работая в институте, далее в университете прошел путь от старшего научного сотрудника, профессора кафедры, руководителя аккредитованной лаборатории шерсти, директора научно-производственного центра, департамента животноводства, проректора по научной работе и международным связям. Параллельно с выполнением административной работы профессор Траисов Б.Б. на протяжении всего периода работы являлся руководителем ряда научных проектов по линии МСХ, МОН РК, председателем диссертационного совета. И сегодня Балуаш Бакишевич продолжает работать в университете профессором, экспертом аналитиком, консультантом научного проекта по овцеводству по линии

МСХ РК. Он является настоящим лидером в области разведения, и селекции овец, технологии производства продуктов животноводства.

За годы своей плодотворной деятельности профессор Траисов внес неоценимый вклад в развитие сельскохозяйственной науки Казахстана. Его исследования в области кроссбредного овцеводства позволили создать новую породу акжайских мясо-шерстных овец, а последующая апробация породы Министерством сельского хозяйства РК стала ярким подтверждением его гениальности. Многолетние научные труды, подтвержденные многочисленными патентами, свидетельствами и свыше 490 научными публикациями, а также монографиями и учебными пособиями, рекомендациями стали краеугольным камнем в развитии отечественной аграрной науки.

Лично для меня профессор Траисов стал не только руководителем магистерской работы по теме «Технология разработки ковролина с применением грубой овечьей шерсти», но и настоящим наставником, который открыл мне двери в мир науки. Он помог мне подготовить работу, подчеркнув, что у меня много идей, но их необходимо воплощать постепенно и быть всегда собранной в их реализации.

Благодаря его наставлениям я научилась грамотно формулировать научное изложение и познакомилась с огромным объемом литературы касающихся данной тематики. Несмотря на его прямолинейность и строгий подход, он всегда проявлял внимание к индивидуальным особенностям учеников,

веря в их потенциал. Еще ярким воспоминанием для меня стали моменты, когда он приглашал нас вместе с ним на областное телевидение в День науки, подчеркивая важность и практическую значимость наших исследований.

Его педагогическая деятельность охватывает руководство множеством магистерских, кандидатских и докторских диссертаций, а ученые, прошедшие под его крылом, сегодня занимают значимые позиции в системе высшего образования и научных учреждений Казахстана и России.

Б.Траисов создал свою научную школу, одним из его учеников являюсь и я. Профессор Траисов не только передавал глубокие знания, но и был для меня как отец и защитник, веря в меня и поддерживая на каждом этапе моего профессионального становления. Благодаря его чуткому руководству и наставничеству я смогла раскрыть свой потенциал и стать человеком, специалистом, каким являюсь сегодня.

С огромной благодарностью и искренним уважением я желаю профессору Балуаш Бакишевичу всего наилучшего. Уверена, что его неустанное стремление к научным открытиям и любовь к делу принесут ещё множество плодов, работы с его участием будут воплощены в реальные проекты, имеющие значение для экономики страны и дальнейшего развития аграрного сектора.

Нәйла ОПИЕВА,
магистр технических наук, профессиональный эколог, эксперт-аудитор по системе менеджмента качества и экологии

Білім алушылар жасаған тұқымдық фитопатологиялық сараптама

«Өсімдік қорғау және карантин» БББ жетекшісі, PhD докторы Лайла Қалиеваның жетекшілігімен 2-курс білім алушылары ғылыми-зерттеу үйірмесінде химиялық және биологиялық препараттардың әсеріне, жаздық бидай тұқымдарының оңуіне және өсімдік дамуының бастапқы кезеңдеріне зерттеу жүргізді.

Тұқымдық материалды дайындау өсімдік шаруашылығында алдын ала жүргізіледі, ол – жоғары және тұрақты өнім алу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тиесілі негізгі міндеттердің бірі. Тұқымдарды өңдеу әрқашан өскіндер мен көктегіштікке әсер ететін патогендердің таралуын және дамуын бақылаудың міндетті әдісі болып қала береді. Сонымен қатар инсектофунгицидтік қазіргі заманауи көп компонентті өңдеу құралдары өсімдік дамуының ерте кезеңінде кейбір зиянды ағзалардың дамуын тежейді. Тұқымның сапасын бағалау оның өсу қабілетін ғана емес, инфекциялық ауруларға қарсы тұруын да қамтиды. Бұл сараптама тұқымдарда зиянды микроорганизмдер мен патогендердің бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тексерулер ауыл шаруашылығында өнімнің сапасын жақсартуға бағытталған. Ауыл шаруашылығы дақылдары әртүрлі ауруларға ұшырауы мүмкін, мысалы, саңырауқұлақты, бактериялды қоздырғыштар арқылы. Бұл аурулар тұқымда болуы мүмкін, олар егіс алаңына таралғанда өнімнің азаюына, егіннің зақымдануына және сапасының төмендеуіне алып келеді. Бұл сараптама бірнеше кезеңнен тұрады: тұқымның

сыртқы белгілерін тексеру, микроскопиялық зерттеу, мәдени әдістермен немесе молекулалық

Қазіргі уақытта дәнді дақылдар Қазақстан аумағының көп бөлігін алып жатыр, сондықтан



диагностикамен патогендерді анықтау. Сондай-ақ тұқымдарға әртүрлі дәрілер мен өңдеу әдістері қолданылады, олардың мақсаты – аурулардың алдын алу. Тұқымдарды себу алдында өңдеу арқылы дақылдардың ауруларға төзімділігі артады. Фитопатологиялық сараптама мен өңдеу әдістері арқылы фермерлер аурулардың таралуын болдырмай, жоғары өнімділікке қол жеткізе алады.

Ғылыми-зерттеу үйірмесінде жүргізілген жұмыс бидайдың өсуі мен дамуының бастапқы кезеңдерінде әсер ету механизмдері әртүрлі препараттардың тиімді әсер ету мүмкіндіктерін зерттеуге және бидай тұқымдарын өңдеу арқылы қорғауды жақсартуға бағытталды. Дәнді дақылдардың негізгі қоздырғыштарын және олардың өңделген немесе өңделмеген тұқымдарда дамуын зерттеу міндеттері қойылды.

тұқымдарда сақталады, бұл – өсімдік өнімділігінің төмендеуіне, астық сапасының нашарлауына, адам өміріне қауіпті микотоксиндердің түзілуіне ықпал ететін зиянды аурулар. Олармен күресу үшін әртүрлі қорғаныс шаралары қолданылады. Қазіргісін алдындағы тұқым дайындау технологияларында өңдеу – негізгі әдістердің бірі саналады. Ол ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы рентабельділігін арттырады. Жаздық бидай дақылдары «Альбидум 32» сорты тұқымдарын рулон әдісімен фитосараптама жүргізу арқылы зерттеу жұмыстары ғылыми-зерттеу үйірмесінде жүргізілді. олар бақылау (өңделмеген тұқым), «Ламатор» химиялық препараты және биопрепарат негізінде озон суы мен анолит сұйығы препараттары арқылы өңделді және бақылау жүргізілді.

Зертханалық зерттеулерді жүргізу үшін сүзгі қағазы қолданылды және әр көшірмеге 100 тұқым таңдалды. Бір қайталау үшін сүзгі қағазының өлшемі 10x110 см болды, тұқымдар оған арасы 1 см және үстіңгі жиегінен 3 см қашықтықта орналастырылды. Содан кейін үстіне – сүзгі қағазының тағы бір қабаты, оның үстіне полиэтилен жолағы қойылып, кейін оралады. Ол ыдыстарға тігінен орналастырылып, 22° С - 25° С температурада термостатқа орналастырылды.

Зертханалық зерттеулерде тұқымдар сүзгі қағазында рулон әдісімен өсірілді. Ұрық тамырларының, coleoptильдердің және сабактарының ұзындықтары өлшенді. Өсу энергиясы мен өнімділігі МемСТ 12038-66, МемСТ 12038-84 бойынша анықталды.

Рулон әдісі жағдайында алынған нәтижелерді салыстырып талдап қарағанда, 7 күннен кейін «Ламатор» және озон мен анолит қолданған нұсқаларымызда олардың өсімдікке оң әсер ететіндігі және тұқымдардың өсуін ынталандыратын тиімді препараттар екені анықталды. Антибактериялық және антифунгицидтік және бұл препараттар бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарсы әсер етіп, тұқымның ауруларға төзімділігін арттырады. Химиялық препараттар мен биопрепараттар фунгицидтік қасиеттері арқылы тұқымның ауруларға төзімділігін арттырады және ұзақ мерзімді қорғаныс жасайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тексерілген химиялық және биологиялық препараттар жаздық бидай тұқымдарының өнімділігіне, өскін ұзындығына және жалпы өсімдік дамуына оң әсер етті, себебі бақылау нұсқасында қандай ауру қоздырғыштары болатыны көрсетілді.

Жалпы ғылыми-зерттеудің нәтижелері жаздық бидайды өсіру барысында патогендермен күресуде химиялық және биологиялық препараттарды қолданудың маңыздылығын растады. Рулон әдісі арқылы фитопатологиялық сараптама жүргізу өнімділікті арттыруға, топырақтағы ауру қоздырғыштарын азайтуға және экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамытуға ықпал етеді. Тұқым арқылы таралатын аурулар дақылдардың бастапқы өсу кезеңіне үлкен қауіп төндіреді және оларды дер кезінде анықтап, фунгицидтермен, бактерицидтермен өңдеу – маңызды.



Жастар және ғылым: болашаққа бастар жол

Қазақстанның жоғары оқу орындары білім беру мен ғылымды дамытуда маңызды рөл атқарады. Университеттер тек білім ордасы ғана емес, ғылыми жаңалықтар мен инновациялардың қайнар көзіне айналып отыр.

Осы тұрғыда жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру және оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту – еліміздің ғылыми әлеуетін арттырудың басты қадамдарының бірі. Еліміздің көптеген университеттері ғылымның түрлі салаларында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Мысалы, жас ғалымдардың стартап-жобалары халықаралық көрмелерде жоғары бағаланып, гранттық қолдау табуда. Кейбір білім ордалары өздерінің зерттеу орталықтарын ашып, жас ғалымдарға практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беруде.

«Жастар және ғылым» тақырыбында бағдарламалар мен форумдар ұйымдастыру студенттердің ғылыми жобалармен айналысуына, жетекші ғалымдармен тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Жыл сайын өткізілетін ғылыми конференциялар мен көрмелер де студенттердің кәсіби өсуіне үлкен септігін тигізуде.

Жастардың ғылымға қызығушылығын ояту, жоғары оқу орындарының білім мен ғылым бағытындағы жетістіктерін насихаттау – еліміздің интеллектуалдық әлеуетін нығайту жолындағы басты қадамдардың бірі. Ғылым мен білім саласындағы табыстарымыз тек бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да кепілі. Осылайша, жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласуына жағдай жасаймыз.

Қазіргі таңда жастардың ғылымға деген қызығушылығы туралы пікірталастар жиі көтеріледі. Бір жағынан, университеттер мен мемлекет тарапынан жас ғалымдарға жағдай жасалып, стипендиялар мен гранттар бөлінуде. Екіншіден, кей жастар ғылымға шынайы қызығушылықпен емес, стипендия алу секілді материалдық мотивациямен ғана ұмтылатыны байқалады.

Ғылымға деген қызығушылықтың төмендеуінің бірнеше себептеріне тоқталғым келеді. Айталық, бұл жағдайға максаттың айқын болмауы кедергі келтіруі мүмкін. Көптеген студенттер ғылымды қиын және ұзақ жол ретінде қабылдайды. Оның нәтижелері мен жетістіктері бірден көрінбейтіндіктен, ғылымды таңдауға сенімсіздік пайда болады. Бұл, әсіресе,

магистратура мен докторантураға түскен жастар арасында жиі кездеседі. Материалдық мотивацияның басым болуы да осындай тығырыққа тіреуі ықтимал. Мысалы, магистратура мен докторантурада стипендияның жоғары болуы – білім алуға ынталандырудың маңызды құралы. Дегенмен, кейбір жастар бұл мүмкіндікті ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу деп емес, қосымша табыс көзі ретінде ғана қарастырады. Тағы бір себеп – ғылымға қолдау мен инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Бірқатар оқу орындарында зерттеу жүргізуге қажетті жабдықтар мен қолдау жеткіліксіз. Жастар заманауи технологияларға қол жеткізгісі келеді, ал ескірген инфрақұрылым оларға ғылыммен кәсіби түрде айналысуға кедергі келтіреді.

Осы жағдайда айтылған мәселелерді шешу жолдарын қарастыру үшін өзіміздің ұсыныстарымды да айта кеткім келеді. Алдымен ғылымның маңыздылығын насихаттау қажет. Жастар арасында ғылымның қоғамға және экономикаға тигізетін пайдасы туралы кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек. Жетістікке жеткен жас ғалымдардың үлгісін көрсету – ғылымға деген сенімді арттырады. Сонымен бірге материалдық ынталандырумен қатар

рухани мотивацияны күшейткен жөн. Стипендиялар мен гранттардан бөлек, жас зерттеушілердің жобаларына қолдау көрсетіп, олардың жаңалықтарының қоғамда қолданылуын қамтамасыз ету – маңызды. Ғылыми еңбектің нәтижесін көрген жастардың шабыты артары сөзсіз. Сондай-ақ белгілі бір ғылыми орта қалыптастырудың да маңызы айрықша. Яғни, халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, тәжірибе алмасу бағдарламаларын арттыру арқылы жастарға ғылымның жаһандық маңыздылығын түсіндіруге болады.

Ғылымға шынайы қызығушылықтың төмендеуі – тек жастардың кінәсі емес. Бұл – мемлекет, университет және қоғам бірлесіп шешетін жүйелі мәселе. Материалдық мотивациядан рухани ынталандыруға ауысу және ғылымға қажетті жағдай жасау арқылы жастардың ғылымға деген қызығушылығын қайта оятуға болады. Еліміздің болашағы – тек ғылымға шын жүрегімен берілген жастардың қолында.

Сәбит ЖАРЫЛҒАСОВ,
Индустриалды-технологиялық
институтының доцент м.а.,
PhD докторы

Жасанды интелектің рөлі талқыланды

Жәңгір хан университетінің оқытушылары «Білімнің болашағы: инновациялар мен технологиялар. Білім беру жүйесіндегі жасанды интелект» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысты.



Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты «Өңірлік коммуникациялар қызметінің» бастамасымен ұйымдастырылған іс-шараның басты мақсаты – жасанды интелект технологияларын білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқу сапасын арттыру, жаңа әдістемелер мен шешімдерді талқылау, сондай-ақ мамандар арасында тәжірибе алмасу алаңын құру.

Дөңгелек үстелге қатысушылар жасанды интелектің білім беру жүйесіндегі рөлі мен артықшылықтарын, даму болашағын талқылады. Сонымен қатар осы саладағы өзекті ақпараттармен және жаңалықтармен бөлісті. Цифрландырудың білім беру процесіне ықпалы және қазіргі заманғы технологиялардың мүмкіндіктері кеңінен сөз болды.

Іс-шараға Жәңгір хан университетіндегі «Экономика, ақпараттық технология-

лар және кәсіптік білім беру институтының» оқытушылары Дархан Жақсыбаев, Идеят Бапиев, Анаргүл Бекенова қатысты. Анаргүл Сағындыққызы «Жаһандану дәуірінде білім беру саласындағы жасанды интелектің рөлі мен болашағы» атты баяндама оқып, жасанды интелектің білім беру үдерісіне ықпалы мен болашақ мамандарды даярлаудағы рөліне тоқталды.

Кездесу барысында қатысушылар жасанды интелектің білім беру процесінде қолданудың заманауи бағыттары мен тәжірибелері жайында пікір алмасып, жоғары білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан инновациялық жобалар туралы ақпаратпен бөлісті. Іс-шара тек білім мен тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағдарланған, заманауи технологиялар арқылы сапалы білім беруге бағытталған бастамаларға серпін берген маңызды платформаға айналды.

Болашаққа бағытталған мамандық

Білікті инженер-химик-технолог мамандарын даярлау – маңызды міндеттердің бірі. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде 6B07100 – «Химиялық инженерия және процестер» мамандығын меңгеріп, бакалавриат дипломын алуға болады.

Қазақстан – жер асты байлығына, әсіресе, түрлі металл, мұнай-газ кен орындарына бай ел. Осындай байлықты игеру, ел игілігіне жарату жолында бүгінде ірі-ірі индустриялық-инновациялық жобалар жүзеге асырылуда. Осы тұрғыда өнеркәсіп пен өндіріс орындарының жоғары деңгейде дамуы үшін білікті мамандарға деген сұраныс жоғары. Мемлекетімізде химия саласы айтарлықтай дамып келеді. Яғни, бұл салада да білікті мамандарға сұраныс артты деген сөз.

Химик-технолог – химия өндірісі мен технологиясы саласы бойынша кәсіби білімі бар адам. Ол химиялық өнімдер мен материалдар процесін әзірлеумен және оңтайландырумен айналысады. Бүгінде химия өнеркәсібі дәрі-дәрмек өнеркәсібінен бастап, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға дейін маңызды рөл атқарады. Инженер-химик-технологтарсыз ешбір ірі өндіріс орындарын елестету мүмкін емес. Олар химиялық процестерді әзірлеу, оны өндіріске енгізу және жетілдірумен, сондай-ақ олардың тиімдірек және экологиялық жағынан қауіпсіз болуымен айналысады.

Бұл мамандықтың сұранысқа ие болу себептеріне тоқталар болсақ, алдымен өнеркәсіптің дамуы ықпал етуде. Химия, мұнай-газ, фармацевтика, азық-түлік және басқа да салаларда технологиялық үдерісті бақылау мен модернизациялау үшін білікті мамандар қашан да қажет. Екіншіден, экологиялық мәселелер тұртікі болуда. Қазіргі әлем «жасыл» технологияларды енгізуге ұмтылуда. Ал инженер-химик-

тер қалдықтарды қайта өңдеудің қауіпсіз тәсілдерін, биобайрайттын материалдар жасауды және зиянды қалдықтарды азайту әдістерін әзірлеуде. Сонымен қатар бүгінгі заман – инновациялар дәуірі. Жаңа материалдарды әзірлеу, баламалы энергия көздерін ойлап табу, өнім сапасын жақсарту – мұның барлығы химиялық технология саласындағы мамандардың қатысуын талап етеді. Жалпы білікті мамандар тек өнеркәсіпте емес, сондай-ақ ғылыми зерттеу ісінде де сұранысқа ие. Сол себепті бұл мамандықтың болашағы зор әрі жалақысы да жоғары.

Жыл сайын әлемде өнім сапасына және экологиялық қауіпсіздікке қойылатын талап күшейіп келеді. Бұл биотехнология, нанотехнология салаларында жұмыс істеп, жаңа отын мен материалдар ойлап табу мүмкіндігін ашып отыр. Егер сіз ғылым мен технологияны дамытуға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға үлес қосқыңыз келсе, инженер-химик-технолог мамандығы – тамаша таңдау.

Біздің университетте оқу барысында студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра отырып, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына, өз қабілетін толықтай ашып, заман талабына сай құзыретті маман болып шығуына, өңіріміздегі ірі өндіріс, өнеркәсіп орындарында тағылымдамадан өтуге барынша жағдай жасалған. Мәселен, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Конденсат» АҚ, «ҚПО б.в.», «Топан» ЖШС, «Зенит» зауыты, «БҚМК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Орал сауда-өнеркәсіп компаниясы» ЖШС секілді компаниялармен ынтымақта жұмыс істеп, студенттердің білімімен қоса тәжірибесін арттыруға ықпал етеді және жұмысқа орналастырады. Оқу орны сонымен бірге еліміздегі басқа да университеттермен тығыз байланыс орнатқан. Біздің білім ордасын тәмамдаған түлектер Қазақстандағы ірі де беделді өндіріс орындары мен өнеркәсіптерінде жұмыс істеп жүр.

Химик-технологтар химия

өнеркәсібінен бөлек, энергетика, фармацевтика, қоршаған ортаны қорғау, мұнай өңдеу, мұнай химиясы, полимерлер өңдеу, минералды шикізат өңдеу, геология, гидрогеология, тау-кен өнеркәсібі, ғылым және білім салаларында қызмет атқара алады. Сонымен қатар олар ғылыми зертханаларда зерттеу жұмысымен айналысып, химия және технологиядан сабақ беруіне де болады.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы – білім беру сапасын жақсартуға, ғылыми зерттеу тиімділігін арттыруға ықпал ететін университет қызметінің басым бағыттарының бірі. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатын білім алушылар үшін тараптардың келісімі бойынша ЖОЖ қалыптастырылады. Басқа оқу орнында алынған және бағаланған оқу нәтижесі ББ талаптарын қанағаттандырады. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы ынтымақтастық туралы ЖОО аралық шарттар, халықаралық бағдарламалар, студенттік алмасу бағдарламалары бойынша оқыту мақсатымен меморандумдар шеңберінде жүзеге асырылады. Білім алушылар Польша, Венгрия, Ресейдің ірі университеттерінде академиялық ұтқырлықпен білім алды. Біздің университетте атана қамқорлығынан айырылған, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған отбасыдан шыққан талапкерлерге және студенттік отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетіледі. Білім алушылар жатақханамен 100% қамтылған. Қорыта айтқанда, химиялық инженерия және процестер – болашаққа бағытталған, жоғары сұранысқа ие және маңызды мамандықтың бірі. Бұл салада білім алған түлектер тек кәсіби дағдыға ие болып қоймай, қоғамның дамуына және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес қосады.

Әлия ОРАЗОВА,
Индустриалды-технологиялық
институтының аға оқытушысы

Университеттің таңдаулы ғалымдары

12 сәуір – қазақстандық ғылым қызметкерлері күніне орай және «Ғылым айлығы» аясында Жәңгір хан университетінің Instagram әлеуметтік желісінде «Сіз үшін университеттің үздік ғалымы кім?» деген апталық сауалнама жариялаған болатынбыз. Осы сауалнама барысында білім алушылар өздері үздік деп танытын ғалым-ұстаздардың есімін атады. Солардың ішінде алғашқы бестікке іліккен төмендегі ғалымдарды «Заңгар» газеті арқылы оқырмандарымызға да жария етуді жөн көрдік.



Бекет НУРАЛИН

Профессор, техника ғылымдарының

докторы Бекет Нұрғалиұлы – өнегелі ғұмырының жарты ғасырдан астам уақытын жоғары білім және ғылым саласына арнаған ұлағатты жан. Еңбек жолын бастағаннан бері түрлі лауазымдық қызметтерді абыроймен атқарған ғалым-ұстаз Жәңгір хан университетінің өркендеуі жолында талмай қызмет еткенін де аға буын қызметкерлер жақсы біледі. Ұстаздың шәкірттері Бекет Нұрғалиұлының өте талапшыл адам екенін жиі айтады. Бұл – профессордың шәкірттерінің өзінен озғанын қалағаны болар. Бірнеше ғылыми-әдістемелік пен ғылыми еңбектің, оқулықтардың, ғылыми патенттердің авторы жуырда 70 жасқа толған еді. Жалпы Бекет Нұрғалиұлы – қандай құрметке де лайықты ғалым.

Сәрсенбек МОНТАЕВ

Техника ғылымдарының докторы, профессор Сәрсенбек Әлиакбарұлы – отандық ғылымды әлемдік деңгейде танытқан ғалым. 2005 жылдан бері Жәңгір хан университетінде қажырлы еңбек етіп келе жатқан ғалым-ұстаз жауапты қызметтерді атқара жүріп, ғылым жолындағы ізденісін де ұмыт қалдырмады. Еліміздегі табиғи және техногенді шикізатты қайта өңдеу арқылы кәдеге жарату, «жасыл құрылыс» үшін технологиялық шешімдер әзірлеу және ғимараттар мен құрылыстардың энергия тиімділігін арттыру бағытындағы инновациялық ғылыми жобалары гранттық қолдауларға ие болды, сондай-ақ республикалық және халықаралық байқауларда үздік деп танылды. Күні кеше Сәрсенбек Әлиакбарұлының бір ғылыми жобасының өндіріске жол тартуы – отандық ғылым үшін зор жетістік. 1997-2021 жылдар аралығында білікті ғалым 30-дан астам магистр, 6 техника



ғылымдарының кандидатын және 3 PhD докторын дайындады. Өнертабыстық 11 патенті бар, «Жоғары оқу орнының үздік ұстазы» аталымын екі рет иеленген ғалым-ұстаз – «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерінің иегері.



Аян ОРАЗОВ

Техника ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Аян Жарылқасынұлы – Жәңгір хан университетінің талапты жас ғалымдарының қатарынан. Осы

университеттің түлегі. Қазіргі уақытта ғылыми әлеуеті зор оқу орнындағы «Тағам қауіпсіздігі» ғылыми-зерттеу зертханасының тізгіні – жас ғалымның жауапкершілігінде. Өзінің кәсіби қабілетін жетілдіріп, саналы білімін ғылыммен ұштастырып жүрген жас ғалым үнемі ашық-жарқын қалпынан, адамгершілік қасиетінен, шынайы кейпінен таңған емес. Оның бұл болмысы студент-жастарды да жігерлендіріп, ғылымға деген қызығушылығын арттыра түседі деп ойлаймыз. Біздің сауалнамamızдың нәтижесі бойынша аға буын ғалымдармен бірге үздік «бестікке» енуі де – соның көрсеткіші болса керек. Болашақта әлемдік деңгейдегі табысты ғалым болуды көздейтін Аян Жарылқасынұлының бұл арманына асқан табандылықпен, тынымсыз ізденіспен жететініне сенім мол.



Сіз үшін университеттің үздік ғалымы кім



Марат ОҢАЕВ

Техника ғылымдарының кандидаты, доцент Марат Қайырлыұлы да Жәңгір хан университетінде ұзақ жылдардан

бері еңбек етіп келеді. Университет қабырғасында қызмет атқара жүріп, түрлі жауапты лауазымдарды абыроймен атқарғанынан да хабардармыз. Білім ордасындағы еңбек жолында игі істердің бел ортасында жүргені де мәлім. Қашан көрсеніз де, байсалды, парасатты, қарапайым болмысынан танбайтын ғалым-ұстазды әріптестері құрметтейді, білім алушылар үлгі тұтады. Ғылыми ізденістерінің өзі бір төбе болатын ғалымның жобалары өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған. Марат Қайырлыұлының әр түрлі медаль-төсбелгілермен, Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталуы – үздіксіз ғылыми ізденісінің, еселі еңбегінің, қоғам үшін пайдалы істерінің дәлелі екені сөзсіз.

Бейбіт НАСИЕВ

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Бейбіт Нәсіұлы өзінің еңбек жолын университет қабырғасынан бастап, білікті маман, білімді ұстаз, көрнекті ғалым ретінде қалыптасты. Ғылым жолындағы ізденісін де үздіксіз жалғастырған ғалым-ұстаздың ғылыми жобалары өңіріміздің ауыл шаруашылығындағы жайылым мәселесімен үндеседі. Сонымен қатар өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған Бейбіт Нәсіұлы 3 PhD докторы мен 50-ден астам ғылым магистрін дайындады. Ал қазіргі уақытта 6 PhD докторанты мен 3 магистранттың ғылыми кеңесшісі болып табылады. Жоғары білім және ғылым саласында үлкен жауапкершілікпен еңбектеніп жүрген ғалым-ұстаз бір-



неше рет мемлекеттік және мерейтойлық марапаттарға ие болған. Соның ішінде екі мәрте «Жоғары оқу орнының үздік ұстазы» атануы да – тынымсыз еңбегінің жемісі деуге болады.

Жобаларымен жүлдеге ілікті

Жәңгір хан университеті студенттері қазақстандық жоғары оқу орындары арасындағы «Бизнес ақуалары» студенттік жобалар байқауында жүлделі орынға ие болды.

Аталған байқауға қатысқан 21 команданың ішінде Жәңгір хан университетінің студенттері жоғары нәтиже көрсетіп, «Эковата өндірісі» жобасы бойынша Мейрамбек Ергенов (БҰА-31), Диана Ахметалиева (ЦЭМ-31), Ақнұр Атомбекова (СТР-31), ал «БИОТОПРАК органикалық тыңайтқыш» жобасы бойынша Наргиза Балмұқанова (ЦЭМ-31) мен Күнсұлу Сисиенова (ЦЭМ-31) III дәрежелі дипломмен марапатталды.



Сонымен қатар Әсем Тайпакова (БҰА-31) мен Айзере Мақсотоваға (ЦЭМ-31) байқауға белсенді қатысқаны үшін сертификат берілсе, команда жетекшісі – э.ғ.к., аға оқытушы Канбибі Өтешқызы Нурсапинаға студенттерді жоғары деңгейде дайындағаны үшін арнайы алғыс хат берілді.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 588 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru